

Оқушылардың республикалық олимпиадасына іріктеу (аудандық кезен)

II тур
10 - сынып
(Қазақ тілі мен әдебиеті)

Екінші турға бірінші турға қойылатын ұпайдың кемінде жартысын (25ұпай) жинаған оқушылар қатыса алады. Екінші турға қатысушыларға қазақ тілі мен әдебиеттен 5 сұрақ қойылады.

Екінші турдың сұрақтарына берілген жауаптарды бағалау тәртібі:

Әр сұраққа қойылатын ең жоғарғы баға – 10 ұпай, бағалау мынадай критерийлерге негізделеді:

9-10 ұпай – жауабы ерекше, жауап барысында мектеп бағдарламасынан тыс мәліметтер мен деректерді келтіре отырып, терең білім алғанын байқатады;

7-8 ұпай – сұраққа толық жауап беріледі, кейбір қосымша мәліметтер келтіре білді;

5-6 ұпай – жауап барынша толық болмады, терминдерді түсіндіруде, анықтамалар мен ережелерді айтуда, сөйлем талдауда кейбір қателер кездесті;

3-4 ұпай – жауабы толық емес, дәрежі қателер кетті;

1-2 ұпай - сұраққа жауаптың қатысы жоқ, нақты емес.

Екінші турдан оқушының жинайтын ең жоғары ұпай – 50. Олимпиаданың екі турынан да жоғары ұпай ала білген оқушы 100 ұпай жинауға мүмкіндігі бар.

№	Пән атауы	Мазмұны
1	Қазақ әдебиеті	Білімділер насихат көп жазады, Адам үшін уайым жеп жазады. Байқап оқып отырсам, соның бәрі: «Дүниені сұм, алдамшы» деп жазады. Үзінді қай өлеңнен келтірілген? Бұл туындыда не туралы айтылатынын қысқаша баяндап беріңіз.
2.	Қазақ әдебиеті	а) Көркем шығарманы мазмұн мен түрге бөлу. ә) Әдеби бағыт, әдеби мектеп.
3.	Қазақ тілі	а) Грамматикалық норма туралы айтыңыз. ә) Пассив сөздер. Мысал келтіріңіз
4.	Қазақ тілі	а) Іс қағаздары стилінің ерекшеліктері ә) Тілдік қатынас туралы айтыңыз.
5.	Тіл мәдениеті	Сен ғылымға болсаң ынтық...

- Тапсырманың орындалу уақыты 90 минут